



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ӨКІЛДІГІ

---

### **«Ұлттық технологиялық даму агенттігінің» он жылдығына орайластырылған «Инновациялық он жылдық» форумында ҚР ЕО Өкілдігінің Басшысы, Елші Аурелия Бушездің сөйлеген сөзі**

*20 қыркүйек 2013ж., Астана қ.*

Құрметті Премьер-Министрдің орынбасары,  
Жоғары мәртебелілер,  
Құрметті қонақтар,

Бүгінгі «Ұлттық технологиялық даму агенттігінің» он жылдығына орайластырылған «Инновациялық он жылдық» форумына қатысқанымызға өте қуаныштымыз. Сіздерге өзіміздің шын жүректен құттықтауымызды білдіруге және біздің керемет ынтымақтастығымызға жоғары баға беруіме рұқсат етіңіздер.

Бұл жылы Қазақстан мен Ео арасындағы дипломатиялық қатынастардың 20 жылдығы атап өтіледі. Осы барлық бес жыл ішінде инновациялар, жоғары технологиялар және инновацияларды жылжыту Қазақстан мен Ео арасындағы ынтымақтастықтың негізін қалады.

Ынтымақтастық Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, «Ұлттық технологиялық даму агенттігі» және басқа әріптестер жүзеге асырған жоғары деңгейдегі бірқатар сапарлар мен бірлескен жобалар нақтылы түрде көрсетеді.

Жақында өткен табысты іс-шаралардың бірін: ЕО-Қазақстан технологиялар көрмесі және Астана Экономикалық Форумна арналған «ЕО-Қазақстан ынтымақтастығы» пікірталас тұғырын атап өткім келеді. Бұл мысал болашаққа негіз дайындай отырып, нақты жобаларды дамытуға біздің ортақ даярлығымызды көрсетеді.

Біздің ынтымақтастығымыздың болашағы туралы бірнеше сөз айтуға мүмкіндік беріңіздер.

Инновация сауда саясатының, реттеу, техникалық стандарттар, сатып алу және тендер мәселелерін қамтитын кең тақырып болып табылады. ЕО-ның ұзақ жұмыс тәжірибесі бар, сондай-ақ Қазақстанның, оның саяси қайраткерлерінің, оның кәсіпорындарының, ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерінің қызығушылығын тудыратын екі негізгі элементке назар аударғым келеді.

Ғылыми зерттеу және технологиялар тапсыру саласындағы ынтымақтастық осы екі элемент болып табылады.

Еуропалық Одақтың зерттеулерді қаржыландыруға арналған негізгі құралы Ғылыми зерттеулер мен техникалық даму жөніндегі жетінші негіздемелік бағдарлама (7НБ) болып табылады.

7НБ Қазақстан ғылымдары үшін Еуропалық ғылыми-зерттеу институттарында жүзеге асырылатын ғылыми зерттеулер мен техникалық даму жобаларына қосылуға мүмкіндік

береді. Қазіргі уақытта пәрнек газдарының шығарылуын қысқартумен қабысатын көмір қабаттарының метанын пайдалану тәсілі жөніндегі жаңа шешімдер сияқты бірқатар инновациялық жобалар іске асырылуда.

Басқа Көкжиек 2020 бағдарламасы, инновацияларға көңіл бөлуды күшейтеді. Бұл бағдарлама келесі жылы басталады және ЕО-мен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады. Қазақстанның қатысушылары Еуропалық консорциумға қосалы алады және осы бағдарлама үшін бірлескен ұсыныстар бере алады.

Көкжиек 2020 ұсынысының бірнеше негізгі бағыты бар. Олардың екеуі, индустриялық көшбасшылық пен әлеуметтік проблемалар, ИКТ, нанотехнологиялар мен биотехнология сияқты негізгі жоғары тиімді технологияларда ынтымақтастықтың көптеген мүмкіндіктерін, сонымен қатар өндіріс, ғарыштық зерттеулер мен инновациялар саласында ынтымақтастық ұсынады.

Әлеуметтік проблемалар бағыттары денсаулық сақтау, азық-түлік қауіпсіздігі, энергияның тиімді көздері, көлік, климат және қауіпсіз бірлестіктер сияқты мәселелерге арналған. Бұл біздің қоғамымыздың бүгінгі таңдағы негізгі проблемалары.

ЕО-ның Ресей, Қытай сияқты кейбір басқа халықаралық әріптестері бағдарлама артықшылықтарын оның қатысушыларын тікелей қаржыландыру арқылы барынша көбейту деп қарайтынан атап өткен жөн. Мұндай тәсіл Қазақстан үшін де қызықты болуы мүмкін.

Шамамен 13000 технология кіретін деректер базасына тікелей кіре алатын Еуропалық кәсіпкерлікті қолдау желісіне қатысу жөнінде диалогты Қазақстан Еуропалық институттармен тиімді жалғастыра алады. Бұл технологияларды жаңа идеяларды әзірлеу үшін әріптестер іздеп отырған ғылыми және өнеркәсіп сарапшылары ұсынған. Еуропалық кәсіпкерлікті қолдау желісі Көкжиек 2020 бағдарламасымен тығыз әрекеттестік жасайды.

ЕС INCONET жобасы бойынша ынтымақтасу үшін тамаша мүмкіндіктер бар. Бағдарлама Қазақстанның индустриясын, институттары мен университеттерін ЕО-ның әріптестерімен қосу үшін «екі жақты» схемалар арқылы мүдделі әріптестерді қаржыландырады.

Сөзімнің соңында «Ұлттық технологиялық даму агенттігін» 10 жылдығымен шын жүректен тағы да құттықтағым келеді.

Премьер-Министрдің орынбасары Исекешев мырзаға, 7НБ Ұлттық үйлестірушісіне және басқа әріптестерге инновациялық үдерістерге үздіксіз күш салғандары және қолдағаны үшін алғыс айтқым келеді. Біздің табысты ынтымақтастығымыз тағы он жылға созылады деп үміттенеміз.

Инновациялық қызмет өрісі өте кең, атап айтқанда, ЕО мен Қазақстанның сипаттамалары және өзара байланыста болатын қажеттіліктері де әртүрлі. Бұл Қазақстан экономикасының және Стратегия 2050 диверсификациясына айтарлықтай көмек көрсететін «ұтылыссыз» ынтымақтастық бола алады.

Назарларыңызға рақмет.